

**Жаксыбаев Қ.Р. э.ғ.к., доцент - (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Кубеев Т.Г., магистрант (академика Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ КЕШЕНІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫНДА ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА КӨШУДІ ІСКЕ АСЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Инновациялық даму тұжырымдамада Қазақстан Республикасындағы ұлттық инновациялық жүйенің жай-күйін талдау, сондай-ақ инновациялық дамудың негізгі мақсаттары, міндеттері мен тәсілдері көрсетіледі, бұлардың түпкілікті мақсаты нарыққа бәсекеге қабілетті тауарларды, процестер мен қызметтерді шығару болып табылады.

Бүгінде инновациялық қызметтің қарқындылығы көбінесе экономикалық даму деңгейінен көрінеді: жаһандық бәсекеде инновациялар үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін елдер жеңіске жетеді. Яғни, инновациялық экономиканы дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Елде дамыған кәсіпкерлік сектор мен қоғамның инновацияларды қабылдау мәдениеті болған жағдайда ғана ұлттық инновациялық жүйе тиімді болып, жоғары кіріс әкелетіні туралы шетелдердің тәжірибесінен тұжырым жасауға болады. Жаңа ғылыми басылымдарға, бұйымдарға, технологияларға, қызметтерге, кадрлар біліктілігіне, басқару әдістеріне шоғырландырылған инновация экономикалық дамыған елдердің бәрінде де бәсекеге қабілеттіліктің басты факторы болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда инновациялық белсенділік деңгейі 4,3%-ды құрайды, ал Германияда бұл көрсеткіш – 80%-ды, АҚШ-та, Швецияда, Францияда – шамамен 50%-ды, Ресейде – 9,1%-ды құрайды.

Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуына байланысты күшейіп келе жатқан бәсеке, сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі ниеті дамудың келешектегі жолы – инновациялық экономикаға жеделдетіп өтуді айқындап берді.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қазақстанды инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі пайымы мен бағыттарын тұжырымдауды тапсырды.

Тау-кен металлургиясы өнеркәсібінде шикізатты ел ішінде барынша қайта өңдеу және машина жасау, құрылыс индустриясы сияқты өзге де сабақтас өнеркәсіп салаларын дамытуды қамтамасыз ететін қайта бөлінісі жоғары өнімдерді өндіру болады.

Тау-кен саласын дамыту:

- бәсекеге қабілетті өндірістерді құру, номенклатураны кеңейту және шағын және орта бизнесті тарта отырып қосылған құны жоғары терең өңдеуден өткен өнімнің үлесін ұлғайту;

- ресурс- және энергия сыйымдылығын төмендету, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында саладағы жұмыс істейтін кәсіпорындарды жаңғырту;

- шикізатты кешенді қайта өңдеу және бөліп алу технологиялары бойынша инновацияларды дамыту, өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу және саланың ғылыми-техникалық әлеуетін инновациялық процестерге белсенді тарту;

- саланың жобаларды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, минералды шикізат базасын қалпына келтіру, саланы білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету;

- ішкі нарықта металлургиялық өнеркәсіп шикізаты мен өнімін жылжытуға жәрдемдесу арқылы қамтамасыз етіледі.

Орта мерзімді кезеңде:

- Мыс қорыту және электролиз зауыттарын, «Юбилейное» кен орнында құрамында алтын бар кенді қайта өңдейтін кен байыту фабрикасын салу;

- Бозшакөл және Ақтоғай тау-кен байыту комбинаттарын салу;

- «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына жылына 6 млн. тоннаға дейін болат өндіруді ұлғайту жобалары іске асырылатын болады

XXI ғасырдың жаһандық он сын-кәтері негізінде Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында алтыншы сын-кәтер – табиғи ресурстардың сарқылуы деп көрсеткен. Онда жердің табиғи ресурстарының шектеулілігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түсетіні келтірілген.

Сонымен қатар біздің елдің бірқатар артықшылықтары негізінде табиғи байлық бар екендігі. Басқа елдер мен халықтарға біздің ресурстарымыз қажет болады. Осыған байланысты өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізу, табиғи байлығымызды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керектігі айтылған.

Жасыл экономика саясаты Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

- ресурстардың тиімділігін арттыру;
- қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;
- халықтың әл-ауқатын жақсарту.

Тұжырымдама үш кезеңде 2050 жылға дейін іске асырылады.

Орта мерзімді кезеңде қойылған міндеттерге қол жеткізу ресурстарды пайдаланудағы және табиғатты қорғау қызметінің, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құруды көздейтін Қазақстан Республикасының 2013 – 2020 жылдары «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы Қазақстан Республикасының Үкіметінің Іс-шаралар жоспары негізінде іске асады.

Тұжырымдаманы іске асыру қолданыстағы Қазақстан экономикасы даму траекториясының өзгеруін қажет етеді, ол 2030 жылға қарай су және жер ресурстарын қалпына кетіруге және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына - қатысушы елдердің табиғи капиталды пайдалану тиімділігі орташа көрсеткіштеріне қол жеткізу мүмкіндік береді.

«Жасыл экономика» дамуының басты бағыттарының бірі баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту айқындалды. Жаңартылатын энергетика барлық түрлерінің (күн, жел, гидро, биомасса и геотермалдық қайнар көздер) әлеуеті бойынша атласы әзірленеді.

«Болашақтың энергиясы» «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу елдегі жаңартылатын энергетика көздерін және баламалы энергетиканың кластерлік моделінің дамуы бойынша шараларды әзірлеуді дамытуға жеделдетеді.

Қоршаған ортадағы ластану деңгейін төмендету үшін қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру шаралары көзделіп, шығарындылар бойынша жаңа стандарттар әзірленеді.

Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшудің тәжірибелік тетігі болып өңірлерде «жасыл» өсуді қамтамасыз етуге бағытталған «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы болып табылады. Орта мерзімді кезеңде «Жасыл көпір» бағдарламасының құрылымы мен жалпы принциптері айқындалады.

Әдебиеттер

1. Жасыл экономика - болашақтың экономикасы // http://egov.kz/cms/kk/articles/green_ekonomika
2. Аньшин В.М, Дагаев А.А. Инновационный менеджмент: Учебное пособие/ под ред. Дагаева А.А.. – М.: Дело, 2006.
3. Towards a European Research Area Science, Technology and Innovation. Key Figures 2007-2009. European Commission, 2009.